



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары –
«Nur Otan» партиясы және
«Ақ жол» Қазақстан
Демократиялық партиясы
фракцияларының мүшелеріне
(тізім бойынша)**

2021 жылғы 10 ақпандағы № ДС-47 сауалға

Құрметті депутаттар!

Сіздердің Жайық өзенінің мәселелеріне қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймыз.

Қазіргі уақытта Жайық өзені бассейніндегі экологиялық ахуалды жақсарту жөніндегі ресей тарапымен бірлескен іс-шаралар барысында 2020 жылғы 4 желтоқсанда Жайық трансшекаралық өзені бассейнінің экожүйесін сақтау және қалпына келтіру жөніндегі 2021 – 2024 жылдарға арналған Қазақстан-Ресей ынтымақтастығы бағдарламасына (бұдан әрі – Бағдарлама) қол қойылды.

Бағдарлама аясында Жайық өзені бассейнін сауықтыруға бағытталған іс-шараларды іске асыру жоспарланған.

Сонымен қатар, өзен суын арттыру мәселесін бірлесіп шешу үшін ірі өзендер бассейндерінде зерттеулер жүргізу бойынша ынтымақтастықты жандандырудың бірыңғай жол картасы бекітілді.

Бірыңғай жол картасы аясында су аз кезеңдерде Жайық өзенінің гидрологиялық ағынын жақсарту бойынша ұсыныстар әзірленеді. Бұл шаралар Жайық өзенінің экологиялық жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді.

Атқарылған жұмыстар және қабылданған шаралар жөнінде толық ақпаратты қосымшаға сәйкес жолдаймыз.

Қосымша 10 парақ.

А. Мамин

Соңғы жылдары су тапшы жылдардың қатарынан келуіне, көктемгі қар суының көп болмауына және жауын-шашынның аз болуына байланысты Жайық өзені бассейніндегі экологиялық жағдайдың нашарлауы және Сағыз, Ойыл, Жем өзендерінде ағын судың азаюы байқалады.

Жайық-Каспий бассейніндегі су шаруашылығы жағдайын жақсарту бойынша қабылданып жатқан нақты шаралар, оның ішінде шекаралас мемлекетпен бірлесіп, су тапшылығы мәселесін шешу бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы

2010 жылы 7 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы трансшекаралық су объектілерін бірлесіп пайдалану және қорғау туралы келісімге (бұдан әрі – Келісім) сәйкес Трансшекаралық су объектілерін бірлесіп пайдалану және қорғау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) және ҚР мен РФ арасындағы барлық трансшекаралық өзендер, оның ішінде Жайық өзенінің бассейні бойынша жұмыс топтары жұмыс істейді.

2016 жылғы 4 қазандағы Жайық трансшекаралық өзені бассейнінің экожүйесін сақтау туралы келісімді іске асыру үшін Жайық трансшекаралық өзені бассейнінің экожүйесін сақтау жөніндегі Қазақстан-Ресей комиссиясы құрылды.

Үкіметаралық комиссиялар отырыстарында су шаруашылығы мәселелерінен басқа экожүйелерді қорғау, оның ішінде Жайық өзені бассейніне байланысты мәселелер тұрақты негізде қаралады.

Жайық өзені бассейніндегі экологиялық ахуалды жақсарту жөніндегі Ресей тарапымен бірлескен іс-шаралар барысында 2020 жылғы 4 желтоқсанда Жайық трансшекаралық өзені бассейнінің экожүйесін сақтау және қалпына келтіру жөніндегі 2021 – 2024 жылдарға арналған Қазақстан-Ресей ынтымақтастығы бағдарламасына (бұдан әрі – Бағдарлама) қол қойылды және өзеннің сулылығын арттыру мәселесін бірлесіп шешу үшін Ірі өзендер бассейндерінде (Жайық, Ертіс және басқалары) зерттеулер жүргізу бойынша ынтымақтастықты жандандырудың бірыңғай жол картасы (бұдан әрі – Бірыңғай жол картасы) бекітілді.

Бағдарлама аясында Жайық трансшекаралық өзенінің бассейнін сауықтыруға бағытталған іс-шараларды іске асыру жоспарлануда. Өз кезегінде Бірыңғай жол картасы аясында тараптардың сарапшылары суы аз кезеңдерде Жайық өзенінің гидрологиялық ағынын жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлейді.

Бұл шаралар жайылманы су басу, уылдырық шашатын жерлерді жуу және Жайық өзенінің экологиялық жағдайын жақсарту үшін қажетті табиғатты қорғау мақматында су жіберуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Ресей Федерациясынан көктем мезгілінде келетін судың көлемін көбейту мәселесін шешу туралы.

Ресей Федерациясынан Қазақстан Республикасына келетін Жайық өзені ағынының көлемі трансшекаралық су объектілерін бірлесіп пайдалану және

қорғау, Жайық өзені бассейніндегі су шаруашылығы қызметін үйлестіру туралы 1996 жылғы 20 маусымдағы хаттамамен регламенттеледі.

Берілетін су ағынының көлемі нақты жылы өзеннің болжамды сулылығына байланысты болады. Хаттамаға сәйкес шекаралық қақпалардағы трансшекаралық өзендермен Жайық өзеніне берілетін су ағынының көлемі: сулылығы орташа жылдары $7,8 \text{ км}^3$, суы аз жылдары $5,4 \text{ км}^3$, суы өте аз жылдары 3 км^3 құрайды.

Суы аз жылдары Жайық өзенінің орта және төменгі ағысындағы су шаруашылығы жағдайын жақсарту мақсатында Комиссияның тең төрағалары деңгейінде келіссөздер жүргізу жолымен жазғы және күзгі кезеңдерде Ириклин су қоймасынан қосымша су жіберу мәселелері шешілуде.

Жергілікті атқарушы органдарға заңсыз салынған су қоймалары мен бөгеттерді анықтау және өзендердің арналарын, каналдарды, өзен сағаларын құлаған ағаштардан, қамыс-қозғалардан, өзге де қоқыстан тазарту бағытында тиісті шаралар қабылдау туралы

Өзендердің арналарын, өзен сағаларын, каналдарды құлаған ағаштардан, қамыс-қоғадан және өзге де қоқыстан тазарту мақсатында жергілікті атқарушы органдар көктемгі және күзгі мезгілдерде тұрақты негізде Жайық өзенінің су ресурстарының жай-күйін жақсартуға бағытталған «Таза жағалау» акцияларын, су қорғау іс-шараларын жүргізеді және Жайық трансшекаралық өзені бассейнінде ластануды азайту жөніндегі жоспарлардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Атырау облыстарында бөгеттер мен су қоймаларының заңсыз салынған фактілері жоқ.

Жайық өзенін ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілерінің қатарына қосу туралы

Бұл ұсыныс уақтылы жасалған, осыған байланысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 қаңтардағы № 59 қаулысымен бекітілген Ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілерінің тізбесіне өзгерістер енгізу туралы мәселе қарастырылып жатыр.

Атырау қаласын «Астрахань-Маңғышлақ» су құбырына қосу мәселесін қарастыру туралы

«Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық су құбыры 1988 жылдан бері пайдаланылып келеді. Су құбырының жай-күйі қанағаттанғысыз болғандықтан, оның әлеуетін толық пайдалану мүмкіндігі жоқ.

Осы мақсатта магистральдық су құбырын 2030 жылға қарай өткізу қабілетін тәулігіне $110\,000 \text{ м}^3$ -ден $200\,000 \text{ м}^3$ -ге дейін ұлғайта отырып, қайта жаңғыру және кеңейтудің техника-экономикалық негіздемесі әзірленді. ТЭН-ге сәйкес жалпы құны 120,0 млрд теңгені құрайды.

Осыған байланысты Атырау қаласын сумен жабдықтаудың балама көзі ретінде Ақтөбе облысында орналасқан «Көкжиде» жер асты суларының кен орындарын пайдалану қарастырылуда.

Бағдарламаны гидротехникалық құрылыстар салуды және су қоймаларының жұмыс режимін мақұлдауға қойылатын талаптар тұрғысынан түзетуге қатысты

Гидротехникалық құрылыстарды салу мәселелері Келісіммен реттелген, оның 6-тармағында трансшекаралық әсері бар қандай да бір іс-шараларды жүзеге асырған кезде хабардар ету және келісу туралы норма регламенттелген.

Өңірдің ірі өнеркәсіптік нысандарының айналмалы сумен қамту жүйесіне көшуі жоспарын әзірлеу туралы

Батыс Қазақстан облысында Жайық өзенінің суын тұтынатын ірі өнеркәсіптік объектілер «Жайықжылуқуат» АҚ және «Батыссуарнасы» ЖШС болып табылады, жылдық қажеттілігі 20 млн м³ дейін.

Жайық өзенінен су алуды жылына 4 млн м³ дейін азайту және жылу алмасуға пайдаланылған суды ағызуды тоқтату үшін бүгінгі күні «Жайықжылуқуат» АҚ Орал ЖЭО-ның айналмалы сумен жабдықтауды қайта жаңғырту жобасының жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленді.

Атырау өңірінің «Атырау мұнай өңдеу зауыты» және «Атырау жылуэлектростанциясы» АҚ ірі өнеркәсіптік объектілері айналмалы сумен қамту жүйелерімен қамтамасыз етілген.

Бұдан басқа, 2021 жылдың бірінші жартыжылдығында Атырау қаласында тазарту құрылыстары пайдалануға берілгеннен кейін тазартылып шыққан техникалық сарқынды сулар «Атырау МӨЗ» ЖШС-нің және қызығушылық танытып отырған басқа да кәсіпорындардың өндірістік мұқтаждықтарына пайдаланылатын болады, бұл Жайық өзенінен су алуды азайтады.

Теңіз суын тұщыландыру арқылы суды технологиялық қажеттіліктерге пайдалану мәселесін қарастыру туралы

Теңіз суын тұщыландыру арқылы технологиялық қажеттіліктерге пайдалану айтарлықтай қаржы ресурстарын (сумен жабдықтау жүйелерін есепке алмағанда шамамен 12,0 млрд теңге) қажет етеді, бұл осы ұсынысты одан әрі зерделеуді талап етеді.

Жайық өзенінен тұтынатын су көлемін азайту үшін қосымша жер асты суын пайдалану мәселесін қарастыру туралы

Жайық өзенінен тұтынылатын су көлемін азайту үшін Орал қаласында Орал және Серебряков кен орындарының жерасты су көздерінен суды пайдалану ұлғайтылды. Бұл кен орындарының жиынтық қорлары (тәулігіне 115,5 мың м³) Орал қаласындағы қазіргі қажеттілікті қамтамасыз етуге жеткілікті.

Бұдан басқа, бұрын жүргізілген геологиялық барлау жұмыстары барысында Тоқпай, Январцев және Көшім жерасты су кен орындары зерттелді.

Осы су кен орындарын пайдалану үшін жерасты суларының қорларына қайта бағалау жүргізіліп жатыр.

Сонымен қатар, Атырау облысында жерасты суларының шамалы қоры бар. Осыған байланысты Жайық өзенінен және «Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық су тартқышынан тұтынылатын су көлемін азайту үшін қосымша жерасты суларын пайдалану мақсатында Ақтөбе облысының оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан «Көкжиде» жерасты сулары кен орнын пайдалану мәселесі қарастырылуда.

Сағыз, Ойыл, Жем шағын өзендерін сақтау бағдарламасын әзірлеу туралы

Сағыз, Ойыл және Жем өзендерінің су ағынының азаю себептерін анықтау үшін жүргізілген талдау аясында орташа жылдық жауын-шашынның азаюы мен

аймақтағы климаттық өзгерістер өзендердің су ағынының азаюына тікелей әсер еткені анықталды, ал антропогендік фактордың әсері өзгерген жоқ.

Жоғарыда айтылғанды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметі жүргізіп жатқан Жайық өзені бассейні экожүйесінің жай-күйіне байланысты проблемаларды шешуге бағытталған ауқымды жұмысты назарға ала отырып, жұмысты одан әрі Қазақстан Республикасындағы су ресурстарын басқару жөніндегі әзірленіп жатқан ұлттық жоба және шектес мемлекеттермен жасалған келісімдер шеңберінде жүргізуді орынды деп санаймын.

В последние годы в связи с затянувшимся циклом маловодных лет, отсутствием весеннего половодья и незначительным количеством осадков наблюдаются ухудшение экологического состояния в бассейне реки Жайык и уменьшение поверхностного стока рек Сагиз, Ойыл, Жем.

Касательно принимаемых мер по улучшению водохозяйственной ситуации в Жайык-Каспийском бассейне, в том числе о принимаемых совместно с сопредельным государством мерах для решения проблем с маловодьем

В соответствии с Соглашением между Правительством Республики Казахстан и Правительством Российской Федерации от 7 сентября 2010 года «О совместном использовании и охране трансграничных водных объектов» (далее – Соглашение) функционируют межправительственная комиссия по совместному использованию и охране трансграничных водных объектов и рабочие группы по всем трансграничным рекам между Республикой Казахстан и Российской Федерацией, в том числе по бассейну реки Жайык (далее – Комиссия).

В целях реализации Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Российской Федерации от 4 октября 2016 года «О сохранении экосистемы бассейна трансграничной реки Жайык (Урал)» создана межправительственная комиссия по сохранению экосистемы бассейна трансграничной реки Жайык.

На заседаниях межправительственных комиссий, кроме водохозяйственных вопросов, на постоянной основе рассматриваются вопросы, связанные с охраной экосистем водных объектов.

Так, в целях улучшения экологической ситуации в бассейне реки Жайык 4 декабря 2020 года подписана межведомственная Программа казахстанско-российского сотрудничества по сохранению и восстановлению экосистемы бассейна трансграничной реки Жайык на 2021-2024 гг. (далее – Программа) и для решения вопроса повышения водности реки утверждена «Единая дорожная карта активизации сотрудничества по проведению исследований в бассейнах крупных рек (Жайык, Ертис и другие) (далее – Единая дорожная карта).

В рамках Программы планируется реализовать мероприятия, направленные на оздоровление экологического состояния реки Жайык, в свою очередь в рамках Единой дорожной карты экспертами сторон будут выработаны рекомендации по улучшению гидрологического стока реки Жайык в маловодные периоды.

Данные меры позволят осуществлять природоохранные попуски, необходимые для затопления поймы, близкие к природным, промывки нерестилищ и улучшения экологического состояния реки Жайык.

Касательно решения проблемы увеличения количества воды, поступающей из Российской Федерации в весенний период

Объем стока реки Жайык, поступающий из Российской Федерации в Республику Казахстан, регламентируется Протоколом о совместном использовании и охране трансграничных водных объектов, координации водохозяйственной деятельности в бассейне реки Жайык от 20 июня 1996 года.

Объемы передаваемого стока зависят от прогнозной водности реки конкретного года. В соответствии с протоколом объемы передаваемого стока реки Жайык трансграничными реками в пограничных створах составляют в среднем по водности годы – 7,8 км³, в маловодные годы - 5,4 км³, в очень маловодные годы - 3 км³.

При этом, в целях улучшения водохозяйственной обстановки в среднем и нижнем течении реки Жайык в маловодные годы путем переговоров на уровне сопредседателей Комиссии согласовываются дополнительные попуски воды из Ириклинского водохранилища в летний и осенний периоды.

Касательно принятия местными исполнительными органами соответствующих мер по выявлению незаконно построенных водохранилищ и дамб, очистке русел рек, каналов, устьев рек от поваленных деревьев, камыша и иного мусора

В целях очистки русел рек, каналов, устьев рек от поваленных деревьев, камыша и иного мусора местными исполнительными органами (Западно-Казахстанская и Атырауская области) на постоянной основе в весенний и осенний периоды проводятся акции «Чистые берега», водоохранные мероприятия, направленные на улучшение состояния водных ресурсов реки Жайык, и осуществляется контроль за выполнением планов по снижению загрязнений в бассейне трансграничной реки Жайык.

Вместе с тем, в Западно-Казахстанской, Актюбинской и Атырауской областях отсутствуют факты незаконно построенных дамб и водохранилищ.

Касательно включения реки Жайык в число водных объектов особого государственного значения

Данное предложение является своевременным, в связи с чем, прорабатывается вопрос внесения дополнений в перечень водных объектов особого государственного значения, утвержденный постановлением Правительства Республики Казахстан от 21 января 2004 года № 59.

Касательно рассмотрения вопроса подключения города Атырау к водопроводу «Астрахань-Мангышлак»

Магистральный водовод «Астрахань-Мангышлак» эксплуатируется с 1988 года. В связи с неудовлетворительным состоянием водовода отсутствует возможность использования его полного потенциала.

В настоящее время разработано технико-экономическое обоснование реконструкции и расширения водопровода с целью увеличения его пропускной способности с 110 000 м³ до 200 000 м³ в сутки к 2030 году. Согласно ТЭО общая стоимость проекта составляет 120,0 млрд тенге.

В этой связи как альтернативный источник водоснабжения г. Атырау рассматривается использование месторождения подземных вод «Кокжиде», расположенного в Актюбинской области.

Касательно корректировки и реализации Программы с включением в нее требований по согласованию строительства гидротехнических сооружений и режима работы водохранилищ

Вопросы согласования строительства гидротехнических сооружений урегулированы Соглашением, в статье 6 которого регламентированы согласование и уведомление при осуществлении каких-либо мероприятий, способных оказать трансграничное воздействие.

В этой связи внесение изменений в Программу полагаем нецелесообразным.

Касательно разработки плана перехода на систему оборотного водоснабжения крупными промышленными объектами региона

В Западно-Казахстанской области основными водопотребителями являются АО «Жайыктеплоэнерго» и ТОО «Батыссуарнасы» с годовым использованием воды до 20 млн м³. В целях снижения забора воды из реки Жайык до 4 млн м³ в год и прекращения сброса теплообменных вод планируется произвести реконструкцию оборотного водоснабжения Уральской ТЭЦ АО «Жайыктеплоэнерго».

В Атырауском регионе крупные промышленные объекты – Атырауский НПЗ и АО «Атырауская ТЭЦ» обеспечены системой оборотного водоснабжения.

Кроме того, в первом полугодии 2021 года в г. Атырау будут введены в эксплуатацию водоочистные сооружения, которые будут обеспечивать технической водой ТОО «Атырауский НПЗ» и другие заинтересованные предприятия, что уменьшит забор воды из реки Жайык.

Касательно рассмотрения вопроса использования воды на технологические нужды путем опреснения морской воды

Использование воды на технологические нужды путем опреснения морской воды требует значительных финансовых ресурсов (около 12,0 млрд тенге без учета систем водоснабжения), что требует дальнейшего изучения данного предложения.

Касательно рассмотрения вопроса использования дополнительных подземных вод для снижения объемов потребляемой воды из реки Жайык

Для снижения объемов потребляемой воды из реки Жайык в г. Уральск увеличено использование вод из подземных источников Уральского и Серебряковского месторождений подземных вод. Суммарные запасы этих источников составляют 115,5 тыс. м³/сут, что может покрыть потребность водообеспечения в г. Уральск.

Кроме того, в ходе ранее проведенных геологоразведочных работ были разведаны Токпайское, Январцевское и Кушумское месторождения подземных вод. Для вовлечения этих месторождений в эксплуатацию ведется переоценка запасов подземных вод.

Вместе с тем, в Атырауской области имеются незначительные запасы подземных вод. В этой связи, в целях снижения объемов потребляемой воды из

реки Жайык и магистрального водовода «Астрахань-Мангышлак» рассматривается вопрос использования месторождения подземных вод «Кокжиде», расположенного в юго-западной части Актюбинской области.

Касательно разработки программы сохранения малых рек Сагиз, Ойыл, Жем

В рамках проведенного анализа по определению причин уменьшения стока рек Сагиз, Ойыл и Жем установлено, что климатические изменения в регионе с сокращением среднегодовых осадков непосредственно повлияли на уменьшение стока рек, при этом влияние антропогенного фактора не изменилось.

С учетом вышеизложенного, а также принимая во внимание проводимую Правительством Республики Казахстан работу, направленную на решение проблем, связанных с состоянием экосистемы бассейна реки Жайык, полагаю целесообразным дальнейшую работу проводить в рамках разрабатываемого Национального проекта по управлению водными ресурсами в Республике Казахстан и действующих соглашений с сопредельными государствами.
